

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже педагогикалық тұрғыдан ерекше көңіл бөлуді қажет ететін білім алушыларды мектепшілік есепке алу (бұдан әрі – МЕА) тәртібін белгілейді.
2. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:
 1. **Жеке профилактикалық жұмыс** – ерекше назарды қажет ететін білім алушыларды уақтылы анықтап, оларға әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған іс-шаралар жиынтығы;
 2. **Педагогикалық тұрғыдан ерекше көңіл бөлуді қажет ететін білім алушылар** – мектеп өміріне бейімделуі мен оқу мотивациясы төмен, танымдық белсенділігі әлсіз, девиантты (ассоциативті, деструктивті, аддиктивті) мінез-құлық көрсететін және әлеуметтік осал санатқа жататын оқушылар;
 3. **Девиантты мінез-құлық** – қоғамда қалыптасқан құқықтық, әлеуметтік және моральдық нормаларға қайшы келетін жеке әрекеттер немесе әрекеттер жүйесі;
 4. **Тәуелді мінез-құлық** – алкоголь, есірткі, құмар ойындары және әлеуметтік бейімделуге кедергі келтіретін басқа да әрекеттерге тәуелділік.
3. МЕА – ерекше педагогикалық назарды қажет ететін білім алушылар мен олардың ата-аналарына (немесе басқа да заңды өкілдеріне) әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді, заң көмегін алуға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін жеке профилактикалық шаралар жүйесі.
4. МЕА-ның негізгі міндеттері:
 - кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
 - ерекше назарды қажет ететін білім алушыларды дер кезінде анықтау;
 - ата-аналарға немесе заңды өкілдерге бала тәрбиесі мен оқыту мәселесінде қолдау көрсету;
 - қараусыз қалу, құқық бұзушылық пен қоғамға жат қылықтардың алдын алу;

- оқушылар мен олардың ата-аналарына әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық қолдау көрсету;
- білім алушының мектеп ортасына бейімделуіне көмектесу.

2. Мектепшілік есепке қою тәртібі

5. Білім алушыны мектепшілік есепке қою туралы ұсынысты сынып жетекшісі, пән мұғалімі немесе әлеуметтік педагог береді. Ұсынысқа:
 - білім алушы туралы мінездеме;
 - психологиялық-педагогикалық қорытынды;
 - тұрмыстық жағдайын тексеру актісі (қажет болған жағдайда);
 - алдын ала жүргізілген профилактикалық жұмыс туралы қысқаша мәлімет қоса беріледі.
6. Мектеп жанындағы профилактикалық кеңес айына кемінде бір рет өткізіледі. Қажет болған жағдайда кезектен тыс отырыс өткізілуі мүмкін.
7. Кеңес құрамына:
 - тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары (төраға);
 - әлеуметтік педагог;
 - мектеп психологы;
 - пән мұғалімдері;
 - құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жауапты тұлғалар кіреді.

Қажет болған жағдайда кеңеске сынып жетекшісі, учаскелік инспектор, қорғаншылық органының өкілі, медицина қызметкері, ата-аналар (немесе заңды өкілдер), сондай-ақ оқушының өзі (бастауыш сыныптарды қоспағанда) шақырылады.

8. Кеңес отырысында мектепшілік есепке қою туралы шешім қабылданады және оқушымен, ата-анасымен (заңды өкілдерімен) жеке профилактикалық жұмыс жоспары бекітіледі.
9. Кеңес отырысының хаттамасында мына мәліметтер көрсетіледі:
 - кеңеске қатысушылардың тізімі мен лауазымы;
 - отырыстың күні мен орны;
 - білім алушының толық деректері (аты-жөні, туған күні, мекенжайы, отбасы құрамы, оқу жетістіктері);
 - кеңеске қатысушылардың пікірлері;
 - қабылданған шешім және жоспарланған шаралар.

Хаттамаға төраға мен хатшы қол қояды.

10. Профилактикалық жұмыс жоспары мынадай іс-шараларды қамтиды:

- психологиялық-педагогикалық қолдау;
- сабаққа қатысуды бақылау;
- қосымша сабақтар ұйымдастыру;
- пәндер бойынша үлгерімдегі қарыздарды жою шаралары;

- қажет болған жағдайда ПМПК-ға жолдау;
- мінез-құлықты түзету;
- бос уақытты тиімді ұйымдастыру (үйірмелер, секциялар);
- ата-аналармен жеке жұмыс;
- әлеуметтік көмекке бағыттау (Жалпыға міндетті оқу қоры, әлеуметтік қызметтер және т.б.).

11. Жоспарда жауапты тұлғалар және әрбір іс-шараны орындау мерзімі нақты көрсетіледі.

12. Мектепішілік есепке алу жұмысын үйлестіру тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарына жүктеледі, ал жалпы бақылау мектеп басшысы тарапынан қамтамасыз етіледі.

13. Жауапты тұлға айына бір рет кеңес алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

14. Егер ата-аналар ұсынылған көмектен бас тартса және кеңеске келмесе, мектеп әкімшілігі төмендегі ұйымдарға өтініш беруге құқылы:

- кәмелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға;
- білім беру саласындағы бақылау органдарына;
- қосымша білім беру, жазғы демалыс, бос уақытты ұйымдастыру, жұмысқа орналастыру, профилактикалық есепке алу, құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесіне қатысты басқа да уәкілетті органдарға.

3. Есепке қою және шығару негіздері

15. Білім алушыны мектепішілік есепке қоюдың негіздері:

- оқу үлгерімінің төмендігі;
- девиантты мінез-құлық;
- сабаққа себепсіз жиі келмеу (1 айда 10 күннен астам);
- әлеуметтік жағдайының төмендігі;
- ішкі тәртіп ережесін жиі бұзу;
- психоактивті заттарды қолдану;
- бейресми топтарға қатысу және т.б.

16. Оң мінездеме, басқа оқу орнына көшу, ата-ананың өтініші бойынша немесе нақты негіздер болған жағдайда, профилактикалық кеңестің шешімімен есептен шығарылады. Жаңа мектепке берілетін ақпарат құпия түрде, психолог қызметкерлер арқылы жүзеге асырылады.

17. Есепке алу білім алушыға заңды жауапкершілік жүктемейді және тек көмек көрсету мақсатында жүргізіледі. Бұл ақпарат тек кеңес мүшелеріне ғана қолжетімді.

18. Кәмелетке толмаған бала ішкі істер органдарында есепте тұрмаған жағдайда, мектепішілік есепке алынған оқушылар саны мектеп рейтингінің көрсеткіші ретінде қаралмайды.